

«БЕКІТІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
«Ұлттық ғылыми-практикалық
дene тәрбиесі орталығы» РМКК
Бас директоры

С.К. Садыков

2023 ж.

«Дене тәрбиесі» пәні бойынша
окушылар Олимпиадасын өткізу туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Дене тәрбиесі» пәні бойынша негізгі орта білім беру бағдарламасын іске асыратын барлық білім беру үйымдары окушылары олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) мектептің білім беру бағдарламасы шенберінде білім алушылардың мектептегі тәжірибесін байыту;
- 2) дene шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға тұрақты қызығушылық пен қажеттілікті тәрбиелеу;
- 3) жалпы орта білім беретін мектептерде дene шынықтыру мен спортты дамыту деңгейін көтеру;
- 4) дene тәрбиесі арқылы окушыларды достыққа тәрбиелеу;
- 5) ғылыми білімді насихаттау және окушылардың ғылыми қызметке деген қызығушылығын дамыту;
- 6) олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын терендешту;
- 7) жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне жәрдемдесу;
- 8) дарынды балаларды анықтау үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

2. Олимпиада кезеңдері

2.1. Олимпиаданы білім басқармаларының тиісті органдары үш кезеңде өткізеді. Білім беру басқармалары үйымдастыру комитеттерін құрады: аудандық, облыстық (қалалық) (Астана, Алматы және Шымкент қалалары үшін).

2.2. Кезендер:

1) бірінші кезең – аудандық. Аудандық кезенде 2023 жылдың күркүйек айында аудандық білім бөлімдері аудандық білім бөлімдері дайындаған тапсырмалар бойынша өткізеді;

2) екінші кезең – облыстық (қалалық). Облыстық кезенде 2023 жылдың 5-казанына дейін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары өткізеді. Олимпиада облыстық (қалалық) білім басқармалары дайындаған тапсырмалары бойынша өткізіледі;

3) үшінші кезең – республикалық. 2023 жылдың 23-27-ші қазанында өткізіледі. Соңғы кезенге арналған тапсырмалар Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығында (бұдан әрі – Орталық) әзірленеді.

2023 жылдың 15-ші қазанына дейін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары әрбір қатысушыға Олимпиада материалдарын дайындау үшін сынып бойынша, оқыту тілдері бойынша қатысушылардың санын көрсете отырып, Орталыққа өтінімдерді жібереді. Барлық кезендердің тапсырмалары әдістемелік ұсынымдарға сәйкес параметрлер мен критерийлер бойынша бағаланады.

2.2. Қатысушылардың саны, Олимпиаданы өткізу мерзімдері Орталықтың бас директорының бүйрығымен бекітіледі.

3. Олимпиадаға қатысушылар

3.1. Олимпиадаға деңсаулық жағдайы бойынша негізгі медициналық топка жататын жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялар мен лицейлердің 5-6, 7-8 сынып оқушылары, «Дене тәрбиесі» пәні бойынша Олимпиаданың екінші кезеңінің женімпаздары мен жұлдегерлері қатысады.

Олимпиада теориялық және практикалық бөлімдер бойынша екі жас тобында өткізіледі:

1-топ – 5-6 сыныптар – 10 білім алушы (5 ұл, 5 қыз);

2-топ – 7-8 сыныптар – 10 білім алушы (5 ұл, 5 қыз).

3.2. Республикалық Олимпиадаға қатысушыны сүйемелдейтін жауапты кісі Олимпиада өтетін жерге барап жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолында Олимпиадаға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

4. Республикалық кезеңнің жұмыс органдары

Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін Орталықтың бас директорының бүйрығы негізінде Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітіледі. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

4.1. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

1) Олимпиаданың барлық кезендерін өткізудің жалпы тәртібін айқындайды;

- 2) тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Орталықтың ғылыми кеңесі бекіткен окушылардың дәне шынықтыру пәндік олимпиадасын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады;
- 4) қазылар алқасы мүшелерінің құрамы мен саны жөнінде Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің тәрағасына ұсыныстар енгізеді;
- 5) Олимпиаданың корытындыларын талдайды және жинақтайды, бұйрық жобаларын және Олимпиаданың корытынды шешімін дайындауга катысады;
- 6) Олимпиада материалдарын БАҚ және әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Орталықтың сайтында жариялады.

4.2. Олимпиаданың бірінші-екінші кезеңдеріне басшылықты жүзеге асыру үшін аудандық, облыстық (қалалық) ұйымдастыру комитеттері құрылады. Олардың құрамын білім басқармалардың тиісті органдары бекітеді.

4.3. Орталық:

- 1) Олимпиаданың үшінші кезеңінің теориялық және практикалық тапсырмаларының түпкілікті нұсқасын әзірлейді;
- 2) Олимпиаданы өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді;
- 3) Олимпиаданы өткізу нысанын, тапсырмалардың түрлерін және бағалау өлшемшарттарын айқындайды.

5. Олимпиаданың төрешілер алқасы

5.1. Олимпиаданың төрешілер алқасы құрамына тәраға, хатшы және төрешілер алқасының мүшелері кіреді. Төрешілер алқасы мүшелерінің саны 5-6 адамды құрайды.

Олимпиаданың тәрағасы мен төрешілер алқасының құрамын ұйымдастыру комитетінің ұсынысы бойынша Орталықтың бас директоры бекітеді. Олимпиаданың тәрағасы мен төрешілер алқасының мүшелері Олимпиаданың алдыңғы кезеңдерінің төрешілер алқасының құрамына кіруге құқылы емес.

Аудандық және облыстық (қалалық) деңгейдегі төрешілер алқасының құрамына ЖОО, колледж оқытушылары, өткен жылдардағы республикалық және халықаралық Олимпиадалардың женімпаздары, әдіскерлер, тәжірибелі педагогтар және білім басқармаларының өкілдері жоғары біліктілігі бар (педагог-зерттеушіден төмен емес) енгізілуі мүмкін.

Төрешілер алқасының құрамына Олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңдеріне қатысатын білім алушылардың педагогтері кірмейді.

5.2. Олимпиаданың төрешілер алқасының тәрағасы:

- 1) ұсынылатын тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, олардың Олимпиаданың осы кезеңінің талаптарына сәйкестігі мен дұрыстығына жауап береді;
- 2) Олимпиаданы өткізгенге дейінгі тапсырмалардың құпиялылығына (турлардың саны мен бағыты, әрбір турдың ұзақтығы, кажетті жабдықтардың

тізбесі), тапсырмалардың орындалуын бағалау критерийлері бойынша ұсыныстар үшін жеке өзі жауап береді.

Олимпиаданың төрешілер алқасы:

- 1) қатысушылардың жұмысын бағалаудагы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулерді енгізеді;
- 2) жеңімпаздарды айқындайды және жүлделі орындар беру үшін Олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне ұсыныстар береді;
- 3) Олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді.

6. Үйлестіру тәртібі

6.1. Жұмыстарды бағалау кезінде барынша объективтілікті қамтамасыз ету үшін әр турдан кейін Олимпиаданың барлық қатысушыларымен тапсырмаларды талқылау жүргізіледі. Тапсырмаларды талқылағаннан кейін қатысушылардың қалауы бойынша жұмыстарды үйлестіру жүргізіледі.

6.2. Үйлестіруді төраға мен төрешілер алқасының мүшелері жүргізеді.

6.3. Қатысушы төрешілер алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, ол үйлестіру үшін бөлінген мерзімде мамандар қатарынан комиссия құратын ұйымдастыру комитетінің төрағасына жүгіне алады.

6.4. Барлық кезеңдердің жұмыстарын үйлестіру Олимпиаданың тиісті кезеңі аяқталғаннан кейін бір күн ішінде, корытынды кезең – Олимпиаданың нәтижелері жарияланғаннан кейін үш сағат ішінде жүргізіледі.

7. Жеңімпаздарды анықтау

7.1. Олимпиада теориялық және практикалық бөлімдерде ұпай сомасы бойынша үш жүлделі орынды айқындай отырып, жеке-командалық біріншілік ретінде еткізіледі.

7.2. Бірнеше қатысушылар мен командалардың нәтижелері тен болған жағдайда, практикалық тапсырманың жеке жаттығуларын орындау кезінде оларға бірдей ұпай саны беріледі.

7.3. Бірнеше қатысушылар мен командалардың ұпайлары тен болған жағдайда практикалық тапсырманың жеңімпазы және басқа қатысушылар мен командалар алатын орындар практикалық байқаудың басымдығына сәйкес анықталады.

7.4. Теориялық тапсырманы орындау кезінде қатысушы мен команданың орны барлық қатысушылардың дұрыс жауаптарының санын салыстыру арқылы анықталады.

7.5. Олимпиаданың жалпы командалық есебінде теориялық және практикалық бөлімде жиналған команданың ұпай саны жинақталады. Жеңімпаз, жүлдегерлер жинаған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша анықталады. Жинаған ұпайлары тен болған жағдайда Олимпиаданың практикалық бөлімінде үздік нәтиже көрсеткен командаға басымдық беріледі.

8. Олимпиадаға қатысушыларды марапаттау

8.1. Олимпиаданың ашылуы, қорытындысын шыгару, қатысушыларды марапаттау салтанатты және мерекелік жағдайда өтеді.

8.2. Аудандық және облыстық (қалалық) Олимпиадалардың жүлдегерлері білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дипломдарымен, грамоталарымен және жүлделерімен марапатталады.

8.3. Республикалық Олимпиадада 1, 2, 3-орын алған қатысушылар медальдармен және Орталықтың тиісті дәрежелері дипломдарымен марапатталады.

8.4. Білім алушылары жүлделі орындарға ие болған жалпы білім беру үйымдарының педагогтері, сондай-ақ Олимпиаданы дайындауға және өткізуге белсенді қатысқан білім беру жүйесінің қызметкерлері Орталықтың грамоталарымен марапатталады.

9. Қаржылық шығындар

9.1. Орталық көтеретін шығындары:

- төрешілер алқасының, медицина қызметкерлерінің, қызмет көрсетуші персоналдың жұмысына ақы төлеу бойынша;
- спорт ғимараттарын, көлікті жалға алу бойынша;
- марапаттау медальдарын, кубоктарды сатып алу, сондай-ақ спорттық атрибуттар (баннерлер, грамоталар, дипломдар) дайындау бойынша.

9.2. Қатысушыларды, командаларды, жаттықтырушыларды, төрешілерді келу-кету іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды, жолдағы тәуліктік шығыстарды, жарыстар өткізілетін күндері түру мен тамақтануды іссапарға жіберуші үйымдар көтереді.

Теориялық бөлімнің мазмұны

Теориялық бөлімнің мазмұны «Дене тәрбиесі» пәні бойынша негізгі білім көлеміне және сыныптар бойынша білім деңгейіне сәйкес құрастырылып, 5-9 сыныптарға арналған Дене шынықтыру пәнінен үлгілік оку бағдарламасының тараулары бойынша тест тапсырмаларын қамтиды:

- Денсаулық және салауатты өмір салты;
- Негізгі мектепті бітіретін білім алушылардың дене шынықтыруды дамыту деңгейіне қойылатын талаптар (5-9 сыныптарға арналған Дене шынықтыру бойынша оку бағдарламасының З-тарауы).

Орындау тәртібі

1. Тестілеу қағаз нұсқасында жүргізіледі.
2. Қатысушы тек бір рет тест тапсыра алады.
3. Уақыт тестілеу басталған кезден бастап тестілеуге қатысушылардың барлығына бірдей есептеледі.

4. Қатысушының тестілеу тілін таңдау (қатысушының қалауы бойынша).

5. Ұлдар мен қыздар тапсырманы бірге орындаиды.

6. Тапсырманы орындау кезінде ұялы телефондарды және басқа да байланыс құралдарын пайдалануға, сондай-ақ қатысушылардың арасындағы байланысқа тыйым салынады, бұзушылық болған жағдайда қатысушы аудиториядан шығарылады.

7. Қатысушылардың дұрыс жауаптарының нәтижелері жинақталады.

Практикалық бөлімнің мазмұны

Практикалық бөлім – Дене шынықтыру бағдарламасының негізгі бөлігінің жаттығуларын орындау, бөлімдер бойынша: гимнастика, жеңіл атлетика, спорттық ойындарды (баскетбол, волейбол, футбол) орындау болып табылады.

I. Гимнастика

Байқаудың тапсырмасы «Дене тәрбиесі» пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына кіретін элементтерден тұратын барлық жастағы ұлдар мен қыздарға арналған акробатикалық комбинацияны орындаудан тұрады.

Барлық жас топтарындағы акробатикалық комбинация бағдарламада көрсетілген тәртіппен орындалатын элементтер мен қосылыштардың орындалуының қатаң міндетті сипатына ие. Жаттығуды орындау үшін қатысушыға тек бір әрекет беріледі. Егер қатысушы қандай да бір элементті немесе қосылымды орындей алмаса немесе оны басқасымен алмастырса, бағалау бағдарламада көрсетілген бағаға төмендейді. Акробатикалық комбинацияның нақты басталуы мен аяқталуы болуы керек, бірдей, динамикалық, негізсіз үзілістерсіз орындалуы керек.

Төрешілер акробатикалық комбинацияны орындау сапасын орындау техникасына қойылатын алдын ала келісілген талаптарды ескере отырып, ен жоғары дәрежелі нұсқамен салыстыра отырып бағалайды.

Акробатикалық комбинацияны орындаудың мүмкін болатын ен жоғары бағасы – 10,0 үлай.

I. Гимнастика

Дене шынықтыру бойынша оқу бағдарламасына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің 5-8 сыныштарға арналған гимнастика бойынша бағдарламалық материал

Гимнастика 5 сынып

Акробатика. Алға, отырып, тіреліп артқа, отырып, тіреліп бүрісіп, көпір жасап, артқа айналып, тіреліп, отырып тоңкалаң асу, жауырынмен тұру, бір аяғымен тепе-тендікті сактап («қарлығаш») тұру.

Акробатикалық комбинация: алға тоңкалаң асу, он аяғын сол аяғының алдында шалыстырып, айналып бүріліп, тіреліп, отыру; артқа қарай, аунап

түсіп, тоңқалаң асу, жауырынмен тұру; алға айналып, тіреліп, отыру, негізгі тұрыс.

Гимнастика 6 сынып

Акробатика. Алға қарай тоңқалаң асу, артқа, отырып, тіреліп бүрісіп, тоңқалаң асу 2-3 тоңқалансыды бірге жасау. Аяқты бір бірінен алшак қойып, отырып, аяқты алшак қойып алға қарай тоңқалаң асу. Аяқты бір бірінен алшак қойып, тұрып, артқа еңкейіп, көпір жасап, тоңқалаң асу. Отырып, тікреліп, артқа қарай аунап, жауырынмен тұру.

Ұлдарға арналған акробатикалық комбинация: аяқты бір бірінен алшак қойып, қолдарды жоғары көтеріп, артқа еңкейіп, көпір жасау; жату және денені көтеру, артқа отыру, тірелу, артқа аунап түсіп, жауырынмен тұру; отырып тіреліп, артқа тоңқалаң асу; алға қарай екі рет тоңқалаң асу және аяқтарын алшак қойып, еңкейіп секіру.

Қыздарға арналған акробатикалық комбинация: екі алға және тұзу, қолдар жоғары; артқа еңкейту "көпір"; жату, иық пышақтарына тіреу; аялдамаға алға еңкейіп, аяқты бөлек еңкейтіп секіру.

Гимнастика 7 сынып

Акробатика. Негізгі тұрыстан, тұзу аяқтарымен отырған соң тоңқалаң асу, жауырынмен тұрып, алға қарай тоңқалаң асу, аяқтарын бүгіп, басымен және қолдарымен тұру. Алға қарай ұзак тоңқалаң асу (ұлдар), жартылай шпагат жасап, артқа қарай тоңқалаң асу, «көпір» жасау және «қөпірден» тұру (қыздар).

Ұлдарға арналған акробатикалық комбинация: ұзак тоңқалаң асу; отырып, алға қарай тоңқалаң асып, жауырынмен тұру. Алға қарай домалау, еңкейіп отыру; атқа қарай отырып, тоңқалаң асу; аяқтарын бүгіп, басымен тұру, түсерде отыру, бүгіліп, жоғары қарай секіру.

Қыздарға арналған акробатикалық комбинация: отырып, алға қарай тоңқалаң асу; алға қарай тоңқалаң асу, еңкейіп отыру; жауырынмен тұрып, артқа қарай аунау; отырып, алға қарай аунау; еңкейіп тұрып, артқа «көпір» жасау; тұру; отырып, жартылай шпагатпен тоңқалаң асу, қолдары жан-жакта.

Гимнастика 8 сынып

Акробатика. Алға қарай ұзак тоңқалаң асу, арқан арқылы (біектігі 70 см-ге дейін) бір орында тұрып және 2-3 қадам жүгіріп келіп, алға қарай тоңқалаң асу (ұлдар); аяқтарын алшак қойып тұрып, артқа қарай тоңқалаң асу; «көпір» жасау және бүріліп, бір тізесімен тұру (қыздар). Түрегеп тұрып, қолдарының көмегімен тоңқалаң асу (ұлдар). Тұру: баспен және білекпен, баспен және қолдарымен (ұлдар).

Ұлдарға арналған акробатикалық комбинация: отырып, артқа қарай тоңқалаң асу, түрегеп тұру, аяқтарын алшак қою; алға қарай иіліп еңкею, қолдары жан-жакта; отыру және қолдарын итеріп, басымен тұру; тұсу, отыру және алға қарай тоңқалаң асу; ұзак тоңқалаң асу және бүгіліп жоғары қарай секіру.

Кыздарға арналған акробатикалық комбинация: отырып, артқа қарай тоңқалаң асу; жауырынымен тұрып, артқа қарай аунау; алға қарай аунау, жату және «көпір» жасау; он тізесімен тұрып, бұрылу, сол аяғы артта; сол аяқты сермеп, отырып және алға қарай тоңқалаң асу; иіліп, жоғары секіру және негізгі тұрысқа келу.

Гимнастика бойынша бағдарлама 5-6 сынып/қыздар/

Акробатикалық комбинация	бағалау
1. Б.қ.(бастапқы қалып) – негізгі тұрыс (н.т.).	
2. Алға қадам, бір аяғындағы тепе-тендік «қарлығаш», қолдары жан-жакта, осы қалыпты ұстау.	1,0
3. Тұзу тұрып, алға қадам жасау, 360-қа бұрылу, аяқты кен, бір-бірінен алшак ұстау және "бүктеме (складка)" алға қарай бүгіліп, тоңқалаң асу.	1,5
4. Жауырынымен «қайын» боп тұрып, артқа қарай аунап тұсу, осы қалыпты ұстау.	1,0
5. Отырып, тіреліп алға қарай аунап тұсу.	0,5
6. Артқа қарай жартылай шпагат жасап, тоңқалаң асу.	1,5
7. Кеудені алдыңғы аяқтың санына жақыннату.	0,5
8. Иықтан арқаға "көпір" жасап аунау, жатқан күйде.	1,0
9. Бүктеліп, отырып, алға қарай аунап тұсу, отыру.	0,5
10. Тұзелу, бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшак қойып, қолдарын жан-жакқа жіберіп тұру.	2,0
11. Он аяқты қойып, 90-градусқа бұрылу, қолдары жан-жақта.	0,5

Гимнастика бойынша бағдарлама 5-6 сынып/ұлдар/

Акробатикалық комбинация	бағалау
1. Бастапқы қалып – негізгі тұрыс.	
2. Алға қадам жасау, бір аяғында тепе-тендік «Қарлығаш», қолдары жан-жакта, осы қалыпты ұстау.	1,0
3. Тұзу тұру, он аяқты сол жаққа шалыстырып, шенбер бойымен бұрылады, отыру.	0,5
4. Секіріп, алға қарай екі рет ұзак тоңқалаң асу, отыру.	2,0
5. Жауырынымен «қайын» боп тұрып, артқа қарай аунап тұсу, осы қалыпты ұстау.	1,0
6. Отырып, тіреліп алға қарай аунап тұсу.	0,5
7. Артқа қарай тоңқалаң асу, отыру.	1,5
8. Тұзу тұру, он аяқты сол жаққа шалыстырып, шенбер бойымен бұрылады, отыру.	0,5
9. Бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшак қойып, қолдарын жан-жакқа жіберіп тұру.	2,0
10. Он аяқты қойып, 90-градусқа бұрылу, қолдарын төмен түсіру.	0,5
11. Иілу арқылы жоғары секіру, аяқтарын алшак қою.	0,5

Гимнастика бойынша бағдарлама 7-8 сынып/қыздар/

Акробатикалық комбинация	бағалау
1. Б.к. (бастапқы қалып) – негізгі тұрыс (н.т.).	1,0
2. Алға қадам, бір аяғындағы тепе-тендік «карлығаш», колдары жан-жақта, осы қалыпты ұстай.	1,5
3. Тұзу тұрып, алға қадам жасау, 360-қа бұрылу, аяқты кен, бір-бірінен алшак ұстай және "бұктеме" алға қарай бүгіліп, тоңқалаң асу.	1,5
4. Жауырынымен «қайын» боп тұрып, артқа қарай аунап тұсу, осы қалыпты ұстай.	1,0
5. Отырып, тіреліп алға қарай аунап тұсу.	0,5
6. Артқа қарай жартылай шпагат жасап, тоңқалаң асу.	1,5
7. Иықтан арқаға "көпір" жасап аунау, жаткан күйде.	1,0
8. Бұктеліп, отырып, алға қарай аунап тұсу, отыру.	0,5
9. Тұзелу, бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшак койып, колдарын жан-жакқа жіберіп тұру.	2,0
10. Оң аяқты койып, 90-градусқа бұрылу, колдарын төмен түсіру.	0,5
11. Иілу арқылы жоғары секіру, аяқтарын алшак қою.	0,5

Гимнастика бойынша бағдарлама 7-8 сынып/ұлдар/

Акробатикалық комбинация	бағалау
1. Б.к.- н.т.	1,0
2. Алға қадам жасау, бір аяғында тепе-тендік «Карлығаш», колдары жан-жақта, осы қалыпты ұстай.	
3. Тұзу тұру, оң аяқты сол аяқтың алдына шалыстырып, шенбер бойымен бұрылады, отыру.	0,5
4. Секіріп, алға қарай тоңқалаң асу, әтыру.	1,0
5. Итерілу, аяқтарды тұзу қою, баспен тұру, осы қалыпты ұстап тұру.	2,5
6. Аяқтарын бұгу, тіреліп отыру.	0,5
7. Артқа қарай тоңқалаң асу, тіреліп отыру.	1,5
8. Тұзелу, бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшак койып, колдарын жан-жакқа жіберіп тұру.	2,0
9. Оң аяқты койып, 90-градусқа бұрылу, колдарын төмен түсіру.	0,5
10. Иілу арқылы жоғары секіру, аяқтарын алшак қою.	0,5

Гимнастикалық жаттығуларға төрелік ету бойынша ұсынымдар

Орындаушылық шеберлікті бағалау кезінде төреші әрбір элементтің техникалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс орындалғанын, дұрыс орындаудан, мінсіз қалыптан және т. б. қандай ауыткуларға жол берілгенін ескереді.

Сонымен қатар, жаттығудың мазмұны толығымен жеке элементтердің және бүкіл комбинацияның қалай жасалғанына байланысты бағаланады.

Жаттығуды орындағаннан кейін төреші жіберілген кателіктер үшін азайту ұпайларын косады, 10 ұпайдан сол соманы алғы тастайды және соңғы нәтижені шығарады.

Нәтиже ұпайлармен өлшенеді. Нәтиже әділ (объективті) болу үшін жаттығуды әр жақта тұрған бірнеше төреші бағалайды, төрешілердің қойған орта бағасы алынады. Ұпаймен бағалау жүйесі төрешілерге қатаң талаптар қояды. Жаттығуды өте жақсы орындаған кезде, тек 0,1 ұпай айырмасаға ғана рұқсат етіледі.

Комбинация мінсіз болуы және техникалық тұрғыдан дұрыс, анық, сенімді, женіл, әдемі, жақсы сымбатпен, үлкен амплитудамен, мәнерлі орындалуы керек.

Мыналар категе саналады:

- жаттығудың сипаттамасынан ауытқу, комбинацияның бөліктерін көзделмеген бағытта орындау;
- жаттығудың жекелеген элементтерін немесе бөліктерін техникалық тұрғыдан дұрыс орындаамау;
- өтпелі және соңғы қалыпта дәл болмауы, статикалық қалыпта дұрыс тоқтамау, тепе-тендікті жоғалту;
- дұрыс бағытта қозгалмау, жеткіліксіз немесе шамадан тыс бұрылу;
- гимнастикалық стильдің болмауы;
- сермеу элементін күшпен немесе күштеп сермелу, ырғактың немесе қарқынның бұзылуы;
- дәлдік пен мәнердің жетпеуі, амплитудасы аз және жеке элементтерді, жалпы жаттығуды орындаудағы тағы басқа кемшіліктер.

Қателер үшін ұпайды азайту

Мінсіз орындаудан ауытқу дәрежесіне байланысты қателер ұсак, орташа, өрескел және орындалмаған қателер болуы мүмкін.

Ұсак қателік – бұл аз ғана қателікпен, талап етілетін орындаудан сәл ауытқыған мінсіз орындау деуге болады.

Аяқтың ұштарын созу, басын төмен түсіру, тіzenі жеткіліксіз түзету. Мұндай жағдайда төреші әр элементте қайталанатын және анықталған қате үшін ұпайын азайтады.

Бұл қате үшін ең минималды төмендету – 0, I ұпайға дейін.

Орташа қате – бұл мінсіз орындаудан айтартылғай ауытқу. Мұндай қателіктер үшін 0,2 немесе 0,3 балл төмендейді: егер қате ұсакқа жақын болса – 0,2 балл, ал өрескелге жақын болса – 0,3 балл шегеріледі.

Өрескел қате – бұл элементті орындаамау катесімен бірдей, талап етілетін қалыптан үлкен ауытқу (айқын бұрмалау). Өрескел қателік үшін төмендету – 0,5 ұпай.

Гимнаст элементті орындаумен шектесетін қателік жіберсе және талап етілетін қажетті қозғалыстың негізгі белгілері әлі де сакталса, өрескел қателік үшін төмендетумен шектелу керек.

Элементтің жекелеген бөліктерінде дәйекті түрде жіберілген әрбір қате үшін төмендетулер бөлек жүргізіледі.

Бір уақытта жіберілген бірқатар қателіктер үшін азайту, әр қате үшін жеке және барлық кемшіліктер – ұсак, орташа немесе өрескел қателіктер үшін жиынтық бойынша төмендетуге болады.

Орындаудағы қателіктердің сыныптарасы

Жаттығудың бірнеше түріне тән қателіктер.

1. Қолдың, аяқтың, дененің бүгілуі, аяқты дұрыс қоймау, қол білзігінің, бастың, аяқ ұшының дұрыс тұрмауы.

Ұсақ қателіктер – қолдары сәл бүгілген, аяқтары сәл бүгілген, денесі сәл бүгілген, аяқтарының таралуы, басты дұрыс ұстамау, қол білзігін дұрыс ұстамау, аяқ ұшының дұрыс тұрмауы.

Орташа қателіктер – қолдары едәуір бүгілген, аяқтары едәуір бүгілген, денесі едәуір бүгілген, аяқтары едәуір ашылған.

2. Қозғалыстарды орындау кезінде жеткіліксіз сермеу, элементтерді жеткіліксіз, жоғары және кең және т. б. орындау.

Ұсақ қателер – бұл өте жақсыға орындаудан сәл ауытқу.

Орташа қателер – бұл өте жақсыға орындаудан үлкен ауытқу.

3. Тепе-тендікті жоғалту

А. Секіріп тұсу кезінде, сондай-ақ еркін жаттығуларға енгізілген және екі аяқпен түсетін секірулерде.

Ұсақ қателіктер – кез-келген бағыттағы шағын секіру немесе қадам, тұсу кезінде енкею, жұмсак түспеу, орнынан сәл жылжып кету.

Орташа қателіктер – үлкен секіру немесе бірнеше секіру кезінде орнынан аттап, жылжып кету, орнынан жылжымай-ақ едәуір тербеліп тұру, еденге қолын тигізу.

Өрескел қателіктер – еденге қолын тіреу, түскеннен кейін құлау, жүгіру. Орындау – табаннан басқа, дененің кез келген бөлігімен тұсу, элементті орындау кезінде қосымша тірелу.

Б. Басқа жағдайларда – бір аяқпен тұрумен аяқталатын бұрылулар мен секірулерде, бір аяқпен тепе-тендікте, қолына тірелгенде және т. б.

Ұсақ қателіктер – орнынан жылжымай-ақ аздаған тербеліп тұру, аздаған аттап өту, бір қолымен ұстау, аздаған секірумен орнынан жылжып кету.

Орташа қателіктер – үлкен секіру немесе бірнеше секіру кезінде орнынан аттап, жылжып кету, орнынан жылжымай-ақ едәуір тербеліп тұру.

Бұл бір маңызды секіріспен немесе бірнеше кішігірім секіріспен орындан, орындан жақындаамай, айтарлықтай тербелмелі қозғалыстар.

Өрескел қателіктер – едәуір аттап өту, еденге қолын тигізгенде, тепе-тендікті жоғалту.

4. Сермеу элементтерінде күш қолдану

Ұсақ қателер – сермеу элементіндегі аздаған кідіріс.

Орташа қателіктер – бұл айтарлықтай баяулау және жұлқыну, сермеу элементін тоқтап немесе едәуір қиналып орындау.

5. Күш салатын элементтердегі қателер

Ұсақ қателіктер – күш салатын элементті баяу немесе біркелкі орындаамау, аяқтың немесе қолдың аздал дірілдеуі.

Орташа қателер – шектен тыс қобалжудан туындаған діріл, элементті орындау кезінде айтарлықтай дұрыс орындаамау немесе аздал тоқтаа қалу, күш элементін жұлқынып орындау. Орындаамау – күш элементін сермей орындау.

6. Статикалық қалыпта жеткіліксіз тоқтау (уақыт есебін бастау талап етілетін қалып келген сәттен бастап жүргізіледі; «ұстау» деп тоқтатудың ұзактығы – 3 сек.)

Ұсақ қателіктер – 1 секундқа дейін «ұстап тұру» статикалық қалпын ұстамау.

Орташа қателер – 1-2 секунд «ұстау» қалпында тоқтау.

Өресекел қателіктер – 1 секундтан аз «ұстау» қалпында тоқтау.

Орындаамау – қалыпты ұстап тұра алмауы.

7. Жаттығудағы негізсіз және көзделмеген тоқтаулар (кідірістер)

Ұсақ қателіктер – бұл жаттығудың біртұастығын аздал бұзатын кідіріс.

Орташа қателер – жаттығуды біртұас орындауды қажет ететін элементтер арасындағы кідіріс.

8. Еденге қол тигізу

Ұсақ қателіктер – женіл тигізу.

Орташа қателер – қарқынды байқатпай жоғалтпай-ақ, едәуір қол тигізу.

Өресекел қателіктер – қарқынды едәуір жоғалтып немесе тоқтап қолды көп тигізу.

9. Бұрылусыз орындалатын, элементтердегі көзделмеген бұрылулар

Жеткіліксіз немесе шамадан тыс бұрылыстар.

Ұсақ қателіктер – аздаған ауытқу.

Орташа қателіктер – айтарлықтай ауытқу.

Өресекел қателіктер – үлкен ауытқу.

II. Жеңіл атлетика

5-6 сыныптар: 60м-ге жүгіру, бір орнында тұрып, ұзындыққа секіру; отырып, аяқтарын алшақ қойып, нығыздалған (1кг) допты екі қолымен бастан асырып, алысқа лактыру.

7-8 сыныптар: 60м-ге жүгіру, бір орнында тұрып, ұзындыққа секіру; отырып, аяқтарын алшақ қойып, нығыздалған (1кг) допты екі қолымен бастан асырып, алысқа лактыру.

Бағалау Тұнғыш Президенттің тест сынектары (60м-ге жүгіру, бір орнында тұрып, ұзындыққа секіру) кестесі бойынша жүргізіледі.

Жазғы президенттік көпсайыстан (отырып, аяқтарын алшақ қойып, нығыздалған (1кг) допты екі қолымен бастан асырып, алысқа лактыру) кесте бойынша.

III. Спорттық ойындар (баскетбол, волейбол, футбол).

Конкурстық тапсырмалар – «Дене тәрбиесі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес «Спорттық ойындар» бөлімінің оқу тапсырмаларын орындау енгізіледі.

Баскетбол:


№	Сынақтарды орындау	Бағалау	Қателер	Баға
1	Кедергілерді (фишка) айналып, допты алып журу (сек.)	Уақыт бойынша		Ұпайларды қосу
2	Допты әртүрлі тәсілмен қағып алу және серіктеске беру (10 рет беру).	10 ұпай (орындау техникасы)	- 1 ұпай (әрбір қатеге)	
3	Допты қозгалып жүріп, лактыру – 3 мүмкіндік	(дәл түскен саны, уақыты)		Ұпайларды қосу
4	Айып добын лактыру (5 мүмкіндіктен)	(саны)		Ұпайларды қосу
5	3 нүктеден орта қашықтықтан сақинаға доп лактыру (айып алаңына байланысты (3 секундтық аймақ)	(саны)		Ұпайларды қосу

№1 жаттығу

Ойынши баскетбол алаңында (баскетбол қалқаны астында) оң сызықта орналасады. Мұғалімнің белгісімен ойынши тіреуді оң және сол қолымен айналып, допты алып журеді. Тіреулер спорт залда оң сызық бойымен орналасады. Соңғы 5-ші тіреуден өткеннен кейін қарсы жақтың оң сызығын киып өтеді. Допты алып журу техникасы мен қашықтықты өту уақыты есепке алынады.

№5 жаттығу

Катысушылар 3 ұмтылыстан айып алаңынан допты лактырады (түрү калпы еркін). Лактыру тәсілі де қалауынша.



Волейбол:

№	Комбинацияны орындау	Бағалау	Қателер	Баға
1	Бір орында тұрып, екі қолымен допты қабылдау және беру (<i>10 рет беру</i>).	Ұпай	0,5 және 1 ұпай	Ұпайдарды косу
2	Қадамдарын тақап тұрып, алмасу	Ұпай	0,5 және 1 ұпай	Ұпайларды косу
3	Тор арқылы төменгі (жоғарғы) допты тікелей беру	Ұпай	ұпайлар	Ұпайларды косу

5 – 6 сынып

№1 жаттығу

Орнында тұрып, допты жоғарыдан екі қолымен беру және қабылдау.

5 ұпай – 9-10 доп беру орындалды;

4 ұпай – 7-8 доп беру орындалды;

3 ұпай – 5-6 доп беру орындалды;

2 ұпай – 5 доптан аз берілді.

Елеулі қателер (1 ұпайды төмендету):

- допқа алақанын тигізу;

- допты кідірту және лактыру.

Сондай-ақ, мыналар елеулі қателікке саналады: аяқтын, дененің және қолдың қозғалыстарының сәйкес келмеуі; доптың ұшу траекториясы төмен; ұшудың бағыты дәл емес.

Ұсақ қателер (0,5 ұпай төмендету):

- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз, қозғалыс «еркін емес».

№2 жаттығу

Допты бастың үстінен екі қолмен (9 метр) лақтырып, бір мезетте торға қадамдарын такап тұрып, тұрыстың орнын алмастыру.

5 ұпай – допты жоғалттай, орындалды;

4 ұпай – 1 допты жоғалтып, орындалды;

3 ұпай – 2 допты жоғалтып, орындалды;

2 ұпай – 3 немесе одан да көп допты жоғалтып орындалды.

Елеулі қателер (1 ұпайды төмендету):

– допты беру және орын алмасу техникасын бұзу.

Ұсақ қателер (0,5 ұпай төмендету):

- қозғалыс «еркін емес»;

- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз.

№3 жаттығу

Төменгі (жоғарғы) допты тор арқылы тікелей беру (5 рет доп беру).

Тордың биіктігі 2,20м (ұлдар), 2,00м (кыздар).

Елеулі қателер:

- допты соғу кезінде артқа ауытқу;

- артта тұрган аяқты көтеру;

- сокқының бағыты алға емес, жанына қарай кету.

Ұсақ қате:

- қозғалыс «еркін емес».

5 ұпай – 5 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;

4 ұпай – 4 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;

3 ұпай – 3 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;

2 ұпай – 1 рет доп беру дұрыс орындалмады, алаң шегінде;

1 ұпай – допты беру дұрыс емес немесе доп алаңның шегіне жетпейді.

7 – 8 сынып

№	Комбинацияны орындау	Багалау	Қателер	бага
1	Орнында тұрып допты 2 қолмен беру және қабылдау (10 рет беру).	ұпай	0,5 және 1 ұпай	Ұпайларды қосу
2	Тіректе бүйірлік қадамдармен жылжу.	баллы	0,5 және 1 ұпай	Ұпайларды қосу
3	Тор арқылы допты төменгі (жоғарғы) допты тұра жеткізу.	баллы	Ұпайлар	Ұпайларды қосу

№1 жаттығу

Допты жоғарыдан беру және допты екі қолымен төменнен қабылдау, кезекпен орнында тұрып, жүппен қабылдау (10-нан).

5 үпай – допты жоғалтпай орындалды;

4 үпай – допты 7 беру орындалды;

3 үпай – допты 5 беру орындалды;

2 үпай – доп 5-тен аз берілді.

Елеулі қателер (1 үпайды төмендету):

- допқа алақанын тигізу;

- допты кідірту және лақтыру.

Сондай-ақ, мыналар елеулі қателікке саналады: аяктын, дененің және қолдың қозғалыстарының сәйкес келмеуі; доптың ұшу траекториясы төмен; ұшудың бағыты дәл емес.

Ұсақ қателер (0,5 үпай төмендету):

- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз, қозғалыс "еркін емес".

№2 жаттығу

Допты бастың үстінен екі колмен (9 метр) лактырып, бір мезетте торға қадамдарын тақап тұрып, тұрыстың орнын алмастыру.

5 үпай – допты жоғалтпай, орындалды;

4 үпай – 1 допты жоғалтып, орындалды;

3 үпай – 2 допты жоғалтып, орындалды;

2 үпай – 3 немесе одан да көп допты жоғалтып орындалды.

Елеулі қателер (1 үпайды төмендету):

– допты беру және орын алмасу техникасын бұзу.

Ұсақ қателер (0,5 үпай төмендету):

- қозғалыс «еркін емес»;

- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз.

№3 жаттығу

Төменгі (жоғарғы) допты тор арқылы тікелей беру (5 рет доп беру).

Тордың биіктігі 2,20м (ұлдар), 2,00м (қыздар).

Елеулі қателер:

- допты соғу кезінде артқа ауытку;

- артта тұрган аяқты көтеру;

- соққының бағыты алға емес, жанына қарай кету.

Ұсақ қате:

- қозғалыс «еркін емес».

5 үпай – 5 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;

4 үпай – 4 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;

3 үпай – 3 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;

2 үпай – 1 рет доп беру дұрыс орындалмады, алаң шегінде;
 1 үпай – допты беру дұрыс емес немесе доп алаңның шегіне жетпейді.

Футбол:

Комбинацияны орындау	бағалау	кательер	бага
Допты бір аяқпен немесе екі аяқпен (дененің басқа бөліктерімен) кезектестіріп, допты қақпақылдау (жонглерлік ету)	Допты қағудың саны	Дененің бір бөлігімен 2 реттен аса	Үпайларды қосу
Кедергілерді (фишка) айналып, допты алып жүру (4 фишка)	Уақытына карай	Допты Фишкага немесе аяқтың бір бөлігіне тигізу	Үпайларды қосу
Қақпаға соққы жасау (дәлдік үшін) (3 соққы)	Қақпаға түсу саны	-----	Үпайларды қосу
Допты алысқа беру (3 соққы)	метр	Доптың алаңның Сызығына тигізу	Үпайларды қосу

№1 жаттығу

Допты бір аяқпен немесе екі аяқпен (немесе дененің басқа бөліктерімен) кезектестіріп, допты қақпақылдау (жонглерлік ету).

Шарт: допты қанша рет қақканын санау.


Егер қатысушы допты денесінің бір бөлігімен 2 реттен артық ұрса-соққы біреуге есептеледі.

Қатысушы допты түсіріп алса (жерге тигізсе), жаттығу кайтадан орындалады.

Жаттығуды орындауға 2 мүмкіндік беріледі.

Ең жақсы нәтиже есепке алынады

№2 жаттығу



Допты бір-бірінен 4 метр қашықта орналаскан тіреутерді айналып өтіп, алып жүру.

Қашықтықтың ұзындығы - 20 метр. Допты алға және кері қарай алып жүру (сек).

Қателер: допты фишкаларға тигізу, допты алып жүрген кезде фишкаларды өткізіп алу, фишкаларға аяқты тигізіп алу немесе олардан аттап өту – шешуші уақытқа 0,5 секунд қосу.

№3 жаттығу

Қимылсыз тұрған допты дәлдікпен соғу. Окушы 11 метрлік белгіден қақпаға үш соққы жасайды.

Қақпа таспамен б аймакқа бөлінген – 9,6,10,5.

Аймақтар бойынша соққының ұпай саны:

№9 аймакқа допты тигізу-10 ұпай;

№10 аймакқа допты тигізу -8 ұпай;

№6 аймакқа допты тигізу -6 ұпай;

№5 аймакқа допты тигізу -4 ұпай.

№ 4 жаттығу

Допты алысқа беру (3 соққы).

Футбол алаңында 15, 20, 25, 30 метрлік бойлық сзықтары бар 5 метрлік дәліз белгіленген.

Окушы пәрмен берілген соң қозғалмайтын допқа (кез келген аяқпен) соққы жасайды.

5-6 сынып - 25 метр-5 ұпай,

20 метр-4 ұпай,

15 метр-3 ұпай.

Әуелеп келген доптың белгіленген сзықты кесіп өтуі.

7-8 сынып - 30 метр-5 ұпай,

25 метр-4 ұпай,

20 метр-3 ұпай.

Әуелеп келген доптың белгіленген сзықты кесіп өтуі.